

Ашық ұйымдастырылған оқу – іс әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Қазақ тілі.

Тақырыбы: Азық – түліктердің адам ағзасына пайдасы.

Мақсаты:

1. Азық түліктердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру, азық –түлік өнімдері атауларымен (сүт өнімдері) атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді естерінде сақтату.
2. Асқа берілетін батаны жаттату, шағын көрініс сөздерін жаттату
3. Дұрыс тамақтануға, денсаулығын сақтай білуге үйрету, ұлттық салт дәстүрлерді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдары: азық – түліктедің пайдасы туралы бейнебаян, суреттер, азық түліктер, боямақтар, суретті сөздіктер.

Қажетті құрал-жабдықтар: үлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмысы: сүт – молоко, айран – кефир, шұбат -верблюже молоко, кымыз – конское молоко, құрт – курт, май – масло, қаймақ - сметана

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>1. Шаттық шеңбері: Салем, салем - алтын күн! Салем, салем – көк аспан! Салем, салем - балабақша! Салем, салем - достарым! Салеметсіздер ме апайлар! Мұғалім балалармен амандасады? Өткен сабақта балалар біз көкөністердің адам ағзасына пайдасы деген тақырыпты оқып, үйренгенбіз. Өткен ұйыдастырылған оқу әрекеті кезінде көкөністер атауларымен танысқанбыз, бүгін көкөнімтер дауы деген шағын көріністі тамашалайық: Қырыққабат: Қабат, қабат киініп, Қырыққабат атандым Картоп: Картоп біздің атымыз Жер астында жатырмыз Қияр: Атым қияр - теріп ал Жиі жиі суарып, Отырмаймыз қуарып</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрып амандасады.</p> <p>Сәлеметсіз бе!</p> <p>Балалар көрініске қатысады</p>

	<p>Қызылша: Менсіз борщ болмайды, Винегрет те жоқ үстелде</p> <p>Қызанақ: Бақшаларда қызарып, Тұрамын мен қасқайып, күнге қарап, бұралып</p> <p>Шалқан Кім білмейді шалқанды Талайлар маған таң қалды Бәріне сыйлы боламын Тауып көр мендей дарханды</p> <p>Сәбіз Кім бар сәбіз шырынын Жастайынан ішпеген Мені жеген адамдар Кем болмайды күшке де</p> <p>Сәбіз Мен сәбізбін, сәбізбін Менсіз палау піспеген Жоқ менсіз палау піспеген , жоқ менсіз палау піспеген, жоқ менсіз палау піспеген</p> <p>Мұғалім: Дауласуды қояйық, Жиналып қаппыз бәріміз Қайсымыз ең дәмдіміз</p> <p>Қонақтардың жауабы: Балалардың жауабы: Тағамдардың бәрі де Денсаулыққа пайдалы, Мұны жатқа біліндер, оны жақсы көріңдер Жаңа сабақ: азық түліктердің пайдасы туралы бейнебаян көруден басталады, ал балалар бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы азық түліктер, соның ішінде сүт өнімдері. Тақтадағы суреттерді көрсету арқылы жаңа сөздермен сөздермен таныстыру. Олардың дұрыс айтылуына мән беру, қайталату 1. Топпен 2. Кезеңмен Сергіту сәті: Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп,</p>	<p>Балалар жаңа сөздерді қайталап отырады</p> <p>Балалар сергіту сәтіне қатысады</p>
--	--	--

	<p>Тоғайларға тастаңдар! Жаңа сөздерді сөз тіркестерімен қосып бірнеше рет қайталату. Сөз тіркестерімен бірге әрбір баладан жеке сұрау Дидактикалық ойын «Кім жылдам?» Мұғалім сүт тағамдары атауларын айтады, айтып тұрғанда балалардың қолдарынан ұстап тұрады, мұғалім айтып болғанда балалар қолдарын тез тартып үлгеруі керек. Кім тартып үлгермейді, кім тартып үлгермейді, сол бала тағамдардың атауларын айтады. Қорытындылау: дұрыс па бұрыс па? Балалар қазақ халқы асқа бата берген, балалар топпен бата береді</p>	<p>Балалар ойынға қатысады</p>
--	--	--------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта біледі;

Игереді: сүт өнімдері атауларын, түр түсін ажырата білуге үйренеді

Меңгереді: шағын көріністерге қатыса білуді, жылдамдықты меңгереді